

Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 23 сәуірдегі № 110 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 мамырда № 7084 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Абай ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 3 қазандағы № 118 қаулысы

Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Абай ауданы әкімдігінің 03.10.2023 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабының 6) тармақшасына, 27-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 31-бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабының 2 тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 498 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 14010 тіркелген) бұйрығына сәйкес, Абай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Абай ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 25 сәуірдегі № 229 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5039 тіркелген, 2017 жылғы 25 мамырда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Байсабыров

Абай ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 23 сәуірі № 110
қаулысына қосымша

Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындары квотасының көлемі

Тізімдік саны бар ұйымдар	Квота мөлшері (%)
елуден жүз адамға дейін	2
жүз бірден екі жүз елу адамға дейін	3
екі жүз елу бірден артық адам	4

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК